

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы
Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл
жасау жөніндегі кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 1**

Нұр-Сұлтан қаласы
Сенат үйі

17.03.2021 жыл
сағат 10:00, 212-бөлме

Төрағалық еткен: Сенат Төрағасының орынбасары, Кеңес Төрағасы
А.О. Шәкіров

Қатысқандар: Сенат төрағасы М.С. Әшімбаев, Сенат депутаттары, Кеңес мүшелері, облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және аудандық мәслихаттардың хатшылары, мемлекеттік органдардың өкілдері және сарапшылар.

Кеңес отырысының КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында жергілікті мемлекеттік басқаруды дамытудың негізгі тәсілдері:

Сөз сөйлегендер:

- **Әсет ЕРҒАЛИЕВ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.

- **Әли БЕКТАЕВ** – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы.

Қабылданған шешім:

- *ауылдық округтер арасында бірыңғай жер салығын бөлу тетігін әзірлеу;*

- *жергілікті өзін-өзі басқару институттарының ролін арттыру, оның ішінде IV деңгейдегі бюджеттердің дербестігін ұлғайту.*

2. Мәслихаттар қызметіндегі негізгі ақпараттық-ұйымдастыру мәселелері туралы:

Сөз сөйлегендер:

- **Станислав КАНКУРОВ** – Алматы қаласы мәслихатының хатшысы;

- **Нұри ТУМЫШЕВ** – Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы;

- **Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА** – Қостанай облысы Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы;

- **Бегімбет БАЙҒАРАЕВ** – Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының хатшысы.

Қабылданған шешім:

- *Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің қызметін жандандыру;*

- *Кеңес міндеттерінің бірін - Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайтын заңдардың мақсаттары мен міндеттерін халық пен бизнеске жеткізу деп айқындау;*

- *облыстық мәслихаттар аппараттарының нормативтік санын қалыптастыру мәселесін 3 депутатқа 1 мемлекеттік қызметші есебінен қарастыру;*

- *мәслихаттың тұрақты комиссиясы төрағасының міндеттерін мәслихат хатшысының шешімі бойынша Комиссияның басқа депутатының орындау мүмкіндігін қарастыру;*

- *мәслихат хатшысының жалақысын облыс әкімінің бірінші орынбасарының жалақысы деңгейінде және тұрақты комиссия төрағасының жалақысын облыстық басқарма басшысының жалақысы деңгейінде белгілеу мүмкіндігін қарастыру;*

- *мәслихат хатшысы лауазымын мәслихат төрағасы деп қайта атау туралы мәселені қарастыру;*

- *Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттары бірлестігінің жұмысын жандандыру;*

- *мәслихаттар депутаттарының іссапар шығындарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;*

- *мәслихаттардың баспасөз хатшысы лауазымын енгізу мүмкіндігін қарастыру;*

- *қоғамдық кеңестердің қызметін дербес қаржыландыру тетігін әзірлеу мәселесін қарастыру.*

3. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің жаңа құрамын бекіту туралы.

Қабылданған шешім:

Кеңестің құрамы тізімге сәйкес бекітілсін.

Кеңес төрағасы

А. ШӘКІРОВ